

**Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі N 696 қаулысы

"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңы 11-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 1

ш і л д е д е г і

N

6 9 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және Заңның 11-бабында белгіленген мүлікті жария етуді жүргізудің тәртібін регламенттейді.

2. Осы Ереже Заңның 3-бабында көрсетілген мүлікке қолданылмайды.

3. Жылжымайтын мүлікті жария ету, соның ішінде жылжымайтын мүлікті жария етуге ұсыну мерзімі 2006 жылғы 3 шілдеден басталады және 2007 жылғы 1 тамызда а я қ т а л а д ы .

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.29. N 1132 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.04.16. N 302 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.*

## **2. Жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу тәртібі**

4. Жылжымайтын мүлікті жария ету Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының (бұдан әрі - жария ету субъектілері) жылжымайтын мүлік орналасқан жер бойынша аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың, қалалардағы аудандардың) жергілікті атқарушы органдарының жанынан құрылатын Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссияға (бұдан әрі - комиссия) өтініш жасауы арқылы жүргізіледі.

5. Жылжымайтын мүлікті жария ету үшін жария ету субъектісі комиссияға мынадай құжаттарды :

- 1) Заңға 1 немесе 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данадағы өтінішті;
- 2) жеке басын куәландыратын, ал заңды тұлға өкілдері - сондай-ақ жарғының (ереженің), заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, салық төлеуші куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмелерін және олардың өкілеттігін растайтын құжаттарды ;
- 3) алынып тасталды

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.29. N 1132 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

5-1. Мүлікті жария еткені үшін алым (бұдан әрі - алым) төлеу туралы шешімді жария ету субъектісі дербес қабылдауы тиіс.

Жария ету субъектілері алымды жылжымайтын мүлікті жария етуге құжаттарды тапсырған сәттен бастап және жария етілген жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегенге дейін кез келген уақытта төлейді.

*Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.29. N 1132 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

6. Өтініш берілген күні комиссия:

- 1) жария етуге түскен өтініштерді тіркеу журналына өтінішті енгізеді және нөмір береді ;
- 2) өтініш иесіне өтініштің күні мен нөмірін көрсете отырып, өтінішті және ұсынылған құжаттарды алғанын растайтын қолхат береді.

7. Жария ету мерзімі ішінде берілген жылжымайтын мүлікті жария ету туралы өтініш комиссияға өтініш берілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

8. Он бес жұмыс күні ішінде комиссия:

- 1) Ереженің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша құжаттарды қайтару;

- 2) жылжымайтын мүлікті жария етуден бас тарту;
- 3) жылжымайтын мүлікті жария ету туралы шешім қабылдайды.

*Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.29. N 1132 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

9. Жылжымайтын мүлікті жария етуге ұсынылған құжаттар мынадай жағдайларда себебі көрсетіле отырып қайтарылуға тиіс:

- 1) құжаттардың толық пакетін ұсынбау;
- 2) ұсынылған құжаттарда тазартулар мен түзетулердің болуы;
- 3) мүлікті жария еткені үшін алым сомасын дұрыс есептемеу;
- 4) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі.

Жылжымайтын мүлікті жария етуге ұсынылған құжаттарды қайтару үшін негіз болған себептер жойылған жағдайда, жария ету субъектісі мүлікті жария етудің белгіленген мерзімі ішінде қайтадан мүлікті жария етуге өтініш беруге құқылы.

10. Жылжымайтын мүлікті жария етуден бас тарту Заңның 2 және 3-баптарында көзделген талаптар сақталмаған кезде жүзеге асырылады.

Жылжымайтын мүлікті жария етуден бас тарту туралы шешім қолданыстағы заңнама нормаларына жасалған сілтемемен дәлелденуге тиіс.

*Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.29. N 1132 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

11. Жылжымайтын мүлікті жария ету туралы шешім шығарылғаннан кейін Комиссия мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мынадай құжаттарды ресімдеуі жөнінде шаралар қабылдайды:

- 1) жылжымайтын мүлік объектісіне техникалық паспорт;
- 2) объектіні пайдалануға қабылдау актісі;
- 3) жер учаскесіне жеке меншік құқығына акт.

Осы құжаттарды ресімдеу жөніндегі ұйымдастыру мәселелері комиссияға жүктеледі.

Жария етілген жылжымайтын мүлік объектісіне арналған техникалық паспортты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жылжымайтын мүлік орталықтары - республикалық мемлекеттік кәсіпорындары мен олардың филиалдары ресімдейді.

Объектіні пайдалануға қабылдау актісін ресімдеу "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға қабылдауды ұйымдастыру және жүргізу ережесінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні ресімдеу "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеу ережесінде белгіленген тәртіппен

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

*Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.29. N 1132 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.04.16. N 302 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.*

12. Мүлікті жария ету субъектісі болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары үшін тұрғын үй объектілері бойынша Ереженің 11-тармағында көрсетілген құжаттарды беру өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

13. Пәтерлерге, жатақханалардағы бөлмелерге және өзге тұрғын үй-жайларға, ғимарат құрамаларына (кейінгі объектілер) құқықтарды тіркеу жылжымайтын мүлікті жария ету туралы шешімнің және жылжымайтын мүлік объектісіне техникалық паспорттың негізінде жүзеге асырылады.

14. Ереженің 11-тармағында көрсетілген құжаттарды ресімдеу процесі аяқталғаннан кейін комиссия жария ету субъектісіне Заңға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтерді жария етілген мүлік тізіліміне бір мезгілде енгізе отырып, жылжымайтын мүлікті жария ету туралы шешімді ресімделген құжаттармен бірге береді.

15. Жария ету субъектісіне жылжымайтын мүлікті жария ету туралы шешімді беру Ереженің 11-тармағында көрсетілген ресімделген құжаттармен бірге комиссияға өтініш жасалған күннен бастап екі айдан кешіктірмейтін мерзімде жүргізілуге тиіс.

*Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.11.29. N 1132 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

16. Жария етілген жылжымайтын мүлік, жария ету субъектісінің алым төлегені және алым төлеушілер болып табылмайтын адамдар туралы ақпарат жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдарға ұсынылады.

*Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.29. N 1132 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

### **3. Қорытынды ережелер**

17. Мүлікті жария ету субъектілері жария етілген жылжымайтын мүлікке құқықтарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2007 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде ресімдеуге міндетті.

*Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.29. N 1132 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.04.16. N 302 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.*

18. Жылжымайтын мүлікті жария еткен жария ету субъектілері аталған мүлікке мемлекеттік тіркелген сәттен бастап иелік етуге құқылы.

19. Жария етілген жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК